

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ*

*«ҮЙ ТӘРБИЕШІЛЕРІ ИНСТИТУТЫН (ӘЛЕУМЕТТІК БАЛА КҮТУШІ)  
ЕНГІЗУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ШТАТТЫҚ  
КЕСТЕСІНЕ ЕНГІЗУ»*

*ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ*

*МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ*

*«ВВЕДЕНИЕ ИНСТИТУТА ДОМАШНИХ ВОСПИТАТЕЛЕЙ НА ДОМУ  
(«СОЦИАЛЬНЫХ НЯНЬ»), В ТОМ ЧИСЛЕ В ШТАТНЫХ РАСПИСАНИЯХ  
ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ»*

*Нұр - Сұлтан  
2020*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында  
әзірленген*

«Үй тәрбиешілері институтын (әлеуметтік бала күтуші) енгізу, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың штаттық кестесіне енгізу» әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан, 2020 ж – 19 бет.

**Пікір жазғандар:**

Джанбубекова М.З. п. ф. д.;  
Толғамбаева Ж.Е. меңгеруші;  
Мақсұтова К.Н. әдіскер.

«Үй тәрбиешілері институтын (әлеуметтік бала күтуші) енгізу, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың штаттық кестесіне енгізу» әдістемелік ұсынымдарда үй тәрбиешілері институтын енгізу мүмкіндігі, оның қызметіне қойылатын талаптар, «Әлеуметтік бала күтуші» қызметін енгізу бойынша халықаралық тәжірибе қарастырылады.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2020 жылғы «04» наурыздағы №2 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2020 ж

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі уақытта қоғам ата-аналардан балаларына үлкен жауапкершілікпен қарауды және егер олар халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына жататын отбасылардың балалары болса үнемі қадағалау мен бақылауды талап етеді. Ата-аналар жұмыс пен үй шаруасынан бөлек, балалары үшін көптеген әрекеттерді жасауға міндетті: балабақшадан уақытында алып кету, тамақтандыру, серуендеу, ойнау және т. б., алайда, өмірдегі қиын жағдайға тап болған немесе шұғыл істері туындаған ата-аналарға не істеу керек?

Бүгінгі күні көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы өте көп, бұл отбасындағы ата-аналар балаларын барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етеді және әр балаға көңіл бөліп, қамқорлық жасап, қажетті тәрбие мен білім беруге үлгереді. Барлық ата-аналарға, олардың мәртебесі мен табысына қарамастан, кейде демалыс және балаларды тәрбиелеуде көмек қажет болады. Осыған байланысты қоғамда әлеуметтік жұмысты жетілдіру, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарын әлеуметтік қорғауды құру қажеттілігі пайда болады.

Азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және жақсартуға байланысты кез-келген әлеуметтік өзгерістер жаңа әлеуметтік жобаларды құру бойынша мақсатты шаралардың ықпалында болатын инновациялық процестер болып табылады.

Әлеуметтік саланы қайта құрудағы басым бағыттардың бірі мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік жұмыс практикасына халық үшін неғұрлым тиімді әлеуметтік қызметтерді әзірлей отырып, енгізу болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдарда «үй тәрбиешілері институтын енгізу мүмкіндігі (әлеуметтік бала күтуші), институтты енгізу үшін қойылатын талаптар, халықаралық тәжірибе қарастырылады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты үй шаруасындағы әйелдерге, жұмыссыздарға және халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына енетін отбасындағы әйелдерге мектеп жасына дейінгі балаларды қарау және күтім жасау бойынша әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

### **Міндеттері.**

- әйелдерге әлеуметтік қолдау көрсету;
- түрлі жастағы балаларға күтім жасау және дамыту бойынша ата-аналардың құзыреттілік деңгейін арттыру;
- мектеп жасына дейінгі балаларды қарауда жағдай жасауға әдістемелік көмек көрсету.

## **ҮЙ ТӘРБИЕШІЛЕРІ ИНСТИТУТЫН ЕНГІЗУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН НЕГІЗДЕУ («ӘЛЕУМЕТТІК БАЛА КҮТУШІ»)**

Қазіргі қалыптасқан экономикалық жағдайда мектеп жасына дейінгі балалары бар көптеген отбасында ата-ананың екеуі де жұмыс істейді. Көбінесе бұл отбасының материалдық проблемаларымен байланысты.

Әр адамның балаға қарауға «тегін күтушіні» атасы мен әжесін тартуға мүмкіндігі жоқ, көбінесе ана баланы күту мен тәрбиелеуде барлық жүкті өзі көтереді. Әрбір ата-ана баласының дамуын, әлеуметтік бейімделуін, сөйлеуді және өз бетінше киінуді үйренуін қалайды, яғни бұл үшін балаға құрдастар ұжымы қажет.

Мұндай жағдайда отбасы мәселелерін шешудің нақты тәсілі тәрбиемен айналысатын ересектер қауымын кеңейту болып табылады. Бұлардың қатарына әжелер мен аталардан, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен басқа үй тәрбиешілері немесе «әлеуметтік бала күтушілер» енеді. «Әлеуметтік бала күтуші» қызметіне сұраныс қазіргі кезде отбасының, оның ішінде баланы балабақшаға орналастырудың қиындықтарына байланысты үрдіске айналып отыр.

Қоғамда «үй тәрбиешісі» мамандығының қалыптасу тарихының аспектісін қарастыра отырып, бір жағынан ұзақ уақыт бойы жалдамалы қызметкер болып табылмаған және отбасының мәртебесі төмен мүшесі ретінде қабылданып келген бала күтуші мәртебесінің өзгеруі туралы айтуға болады, екінші жағынан бірнеше жүзжылдықта бала күтуші қызметінің мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырамағанын атап өткен жөн, яғни өткен ғасырда да және қазіргі уақытта да оның атқаратын қызметі өзге балаларды тәрбиелеуді қамтиды.

Іс жүзінде әлемнің барлық ірі қалаларында бала үшін жалдамалы тәрбиешіні іріктеу бойынша қызметтерді ұсынатын агенттіктер құрылды, бір мезгілде оларды дайындау бойынша түрлі курстар ашылуда және отбасында жалдамалы қызметкердің психологиялық бейімделу бағдарламалары әзірленіп, енгізілуде.

Қазіргі кезде ата-аналар (жалдаушылар) «әлеуметтік бала күтушінің» кәсіби дайындығына, психикалық жағдайына, кәсіби дағдыларына, жеке басының қасиеттеріне жоғары талаптар қояды.

Көптеген ата-аналар үшін отбасындағы жұмыс кезеңінде балаға күтім жасап қана қоймай, оны жақсы көретін бір күтушіні табу қажеттілігі дәстүрге айналды. Сонымен қатар, құзыретті әлеуметтік бала күтуші отбасында қалыптасқан тәрбие сипатын біртіндеп өзгертіп және баламен тиімді өзара іс-әрекет жасау үлгісін көрсете отырып, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты қалыпқа келтіруге қабілетті болады. Егер тәрбиеленушіге белгілі бір көзқарастарды, мінез-құлық нормалары мен үлгілерін, сондай-ақ психологиялық және физикалық қасиеттерді сіңіру үшін мақсатты ықпал ету жүйесі ретінде тәрбие туралы айтатын болсақ, онда «үй тәрбиешісінің» пайда болуы бұл жүйенің бұзылуына жол бермейтіндей болуы тиіс.

Бүгінгі күні балабақшаға қабылдауға 1 жастан 6 жасқа дейінгі 400 мыңнан астам бала кезекте тұр. Бала күтуші қызметінің шамамен 90% экономиканың көлеңкелі секторында қалып қойды, алайда ата-аналар бала күтушінің тәжірибесі, шеберлігі және денсаулық жағдайы туралы сенімді ақпарат болмаса да, оның қызметіне жүгінеді.

Үй тәрбиешілері институты ата-аналарға «әлеуметтік бала күтуші» қызметін пайдалануға мүмкіндік береді, ол тек баланың әдеттегі күн тәртібін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар онымен қарым-қатынас жасайды, бос уақытын қамтамасыз етеді, баланың жайлылығына, көңіл-күйі мен денсаулығына қамқорлық жасайды.

Осылайша, бұл қызмет көп балалы, толық емес отбасыларды және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалары бар отбасыларды қолдауға, отбасының тұрмысы мен қаржылық жағдайын жақсартуға, ата-ананың жүгін азайтуға, аналардың өмір сүру сапасын арттыруға, мектеп жасына дейінгі балалары бар және бала күтімі бойынша демалыста жүрген әйелдерге жұмыс істеуге мүмкіндік беруге бағытталатын болады.

Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтуші) институтын енгізу - бұл ең алдымен көп балалы және толық емес отбасыларды, сондай-ақ ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау көрсету. Аналарға күніне 4 сағат бос уақыт беріледі, оны өз қалауы бойынша пайдалана алады (толық емес жұмыс күніне жұмысқа тұру, үй шаруасымен айналысу, дүкенге, емханаға, шаштаразға бару, сүйікті ісімен, спортпен айналысу және т.б.).

Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтуші) институтын енгізуде және дамытуда халықаралық тәжірибені қарастыруға болады.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

**Ресей.** Әлеуметтік қызметтердің федералдық тізбесінде мектеп жасына дейінгі балаларды үйде қысқа мерзімді қарау қарастырылған. Бұл қызмет бірінші кезекте ауылдық жерлерде тұратын денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалары бар аналарға арналған. Бұл аналарға әлеуметтік қызметкер мысалы, аудан орталығына барып келгенше, денсаулығына, жәрдемақы алуға және т. б. байланысты мәселелерін шешуі қажет жағдайда баласының жанында болуы үшін қажет.

**Германия.** Германияда 6 айдан бастап балалар яслиге (бөбекжай) (Kinderkrippe) бара алады немесе бала күтушінің («күндізгі ана», Tagesmutter) қарауында бола алады.

Мемлекеттік балабақшаға 3 жастан 6 жасқа дейін қабылдайды. Онда баланың болатын сағат саны ата-аналарының жұмыспен қамтылуына байланысты. Егер анасы жарты күн жұмыс істейтін болса, онда баланы балабақшаға осы уақытқа ғана қабылдайды. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымға орын алу өте қиын, сондықтан жеке балабақшалардың және «күндізгі аналардың» қызметтері сұранысқа ие.

Мемлекет «күндізгі аналар» қызметі құнының жартысын төлейді, бала күтіміне байланысты ақылы демалыстың 15 айы өткеннен кейін ғана ата-аналар осы құқыққа ие болады.

Бала күтуші болу үшін ізденуші арнайы курстарды (шамамен 160 сағат) аяқтауы, емтихан тапсыруы және 5 жылға жарамды сертификат алуы тиіс. «Үй анасының» денсаулығына өте жоғары талаптар қойылады, сонымен қатар, ол жергілікті полициядан мінездеме алуы тиіс. Мұндай бала күтуші жұмысқа кірісер алдында әлеуметтік қызмет өкілдері оның дайындаған үй-жайын: қауіпсіздік талаптарына сәйкес келе ме, іші кең бе, жақсы жабдықталған ба осының барлығын тексереді.

Бала күтушінің еңбекақысы сағатына 5- 7 еуро.

**Израиль.** Израильде мемлекет 3 жастан бастап тегін білім алуға кепілдік береді, сондықтан яслилер (бөбекжайлар) тек ақылы болады.

Ата-аналар яслилерге (бөбекжайларға) балаларды үш айдан бастап бере алады. Үлкен және орташа мекемелерден басқа мұндай үлгіде үй яслилері (бөбекжайлары) бар, онда бір жарым жасқа дейінгі сәбилерді бала күтушілер өз үйінде қарайды, содан кейін бұл балаларды жеке яслилерге (бөбекжайларға) береді. Үш жастан бастап баланы тегін мемлекеттік балабақшаға беруге болады. Бірақ мұндай мекеме әдетте түске дейін жұмыс істейді. Кешке дейін тек жеке балабақшалар жұмыс істейді. Жеке мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын мемлекет бақыламайды.

Израильде бір тәрбиешіге әдетте 10 баладан келеді.

**АҚШ.** АҚШ-та үлкен балабақшалар бар, онда бір топта шамамен 25 бала болуы мүмкін, сондай-ақ кішкентай, отбасылық балабақшалар да бар. Отбасылық балабақшаға 5-6 бала ғана бара алады, ол жеке үйде болуы мүмкін және оның иелері лицензия алуы тиіс.

Арнайы жобаланған ғимараттарда орналасқан балабақшаларға балаларды алты аптадан бастап қабылдайды. Олар бөбекжай және балабақша болып бөлінбейді, бірақ 5 жастан бастап бала мектеп жанындағы арнайы топтарға ("kindergarten") баруға міндетті.

Мектепке дейінгі ұйымдардың көпшілігі жеке болып табылады.

Тегін балабақшалар тек табыс деңгейі төмен отбасылар үшін қарастырылған және оған әдетте кезекті ұзақ күтеді.

Егер бала ақылы балабақшаға барса, онда ата-аналарының салықтары азайтылады.

Балабақшалардың көптеген қызметкерлерінің мамандандырылған білімі жоқ. Бір тәрбиешіге 1 жасқа дейінгі үш баладан, 1 жастан 2 жасқа дейінгі төрт баладан немесе 2 жастан жоғары алты баладан келеді.

Балабақша қызметкерінің орташа еңбекақысы - сағатына 10 доллар.

**Финляндия.** Финляндияда балабақшаларға 9 айдан 8 жасқа дейінгі балаларды қабылдайды. Муниципалдық, жеке және отбасылық балабақшалар бар. Кез келген жағдайда мектепке дейінгі ұйымға бару ақылы, бірақ сомасы отбасының табысына байланысты.

Дәулетті отбасыларға қарағанда аз қамтылған ата-аналар азырақ төлейді (ең төменгі төлемақы – айына 26 еуро, ең жоғарғы төлемақы- айына 283 еуро).

Жеке балабақша ашу үшін муниципалитеттің рұқсаты талап етіледі және әлеуметтік қызметтер осы ұйымдардың қызметін қадағалайды.

Әдетте жеке үйлерде орналасқан отбасылық балабақшалар кеңінен таралған. Бір «үй анасы» (мұндай мекемедегі тәрбиеші) тек төрт баланы ғана қарай алады, егер тәрбиеленушілер көп болса, оларды кезекпен алып келеді. Мұндай норма — төрт балаға бір тәрбиеші – Финляндиядағы барлық балабақшаларда қарастырылған.

Ата-аналар отбасылық балабақшаға бару үшін муниципалитетке төлейді, ол өз кезегінде «үй анасына» еңбекақы төлейді.

Көбінесе мектепке дейінгі ұйымдар балаларды толық жұмыс күніне қабылдайды.

**Франция.** Францияның мектепке дейінгі білім беру жүйесінде екі модель бар: 4 айдан 3 жасқа дейінгі балалар үшін – яслилер (бөбекжайлар) мен бала күтушілер, ал 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар үшін — «аналар мектебі», барлық балалар үшін тегін және қолжетімді муниципалдық мекемелер.

Бала туғаннан кейін анасына 4 ай демалыс беріледі.

Сауалнамаға сәйкес ерте жастағы балалардың 27% ата-аналары үйде тәрбиелейді, балалардың 9% әжелері қарайды, бірақ бұл үшін олар мемлекеттен жәрдемақы алады.

37% отбасының балаларына сертификаты бар бала күтушілер (әдетте өз үйінде) күтім жасайды, ата-аналар олардың қызметтерінің ішінара өтемақысын алады. Балалардың 18% яслилерге (бөбекжайларға) барады, оның ішінде 3% жеке яслилерге (бөбекжайларға) барады, ата-аналары төлемақы үшін ішінара өтемақы алады. Франциядағы яслилер (бөбекжайлар) жүйесі нысандардың әртүрлілігімен ерекшеленеді. Муниципалдық яслилерге (бөбекжайларда) кезекке тұрады, ал қабылданған кезде аз қамтылған отбасылардың балалары басымдықты пайдаланады.

**Жапония.** Жапонияда мектепке дейінгі ұйымдардың екі түрі бар. Біріншісі (хоикуэн) тек қарау мен күтім жасауды қамтамасыз етеді, балалармен ешқандай дамыту сабақтары өткізілмейді. Онда балаларды өмірінің алғашқы айларынан бастап алып келуге, толық жұмыс күніне, кейде тіпті түнге қалдыруға болады. Олар мемлекеттік балабақшалар және онда баланы беру үшін муниципалдық билікке ата-ананың екеуі де күніне төрт сағаттан астам уақыт жұмыс істейтінін дәлелдеу керек, ал әжелер мен аталар немерелерімен отыра алмайтынын айту қажет. Төлемақы мөлшері-айына 15-20 мың йенге дейін (баланың жасына және отбасының табысына байланысты).

Басқа үлгідегі балабақшада (етиэн) бала төрт сағаттан артық болмайды, себебі бұл мектепке даярлайтын нақты білім беру ұйымы болып табылады. Онда 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қабылдайды. Мұндай балабақшалар мемлекеттік және жеке болуы мүмкін. Кез келген жағдайда, төлемақы бірінші үлгідегі балабақшаларға қарағанда жоғары, яғни 24,5- 53 мың йенге дейін болады.

Сонымен қатар, университеттер жанында элиталық балабақшалар бар және мұнда бала күтуші сияқты мамандық іс жүзінде жоқ.

Жапония балабақшасында бір тәрбиешіге 1 жасқа дейінгі үш бала; 1 жастан 2 жасқа дейінгі алты баладан артық емес; 3 жастан 4 жасқа дейін жиырма бала немесе 4 жастан жоғары отыз бала келуі мүмкін.

## **ҮЙ ТӘРБИЕШІЛЕРІ ИНСТИТУТЫН (ӘЛЕУМЕТТІК БАЛА КҮТУШІ) ЕНГІЗУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ШТАТТЫҚ КЕСТЕСІНЕ ЕНГІЗУ**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама) халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына жататын отбасыларды қолдау үшін (көп балалы, толық емес отбасылар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тәрбиеленетін отбасылар) үй тәрбиешілері институтын (әлеуметтік бала күтуші) (бұдан әрі - Институт) құру бойынша қызмет көзделген.

Бұл Институт мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы әлеуметтік проблемаларды шешу механизмін жетілдіру бойынша қоғамда әлеуметтік жұмысты орындайтын әлеуметтік қызмет саласының бірі болады.

Институттың функционалдық міндеттеріне 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар тәрбиеленетін отбасында баланы қарау және күту бойынша қызмет көрсету кіреді. Бұл қызмет мектепке дейінгі ұйымдардың штаттық кестесіне енгізілетін болады.

Институтты енгізудің **мақсаты** аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасыларға және 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қарау бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсету, сондай-ақ үй шаруасындағы әйелдерге, оның ішінде жұмыссыздарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік беру болып табылады.

Негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларды үйде қарау бойынша көмек көрсету;
- мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды қоса алғанда, мектеп жасына дейінгі балаларды күту бойынша білік пен дағдыларға әйелдерді оқыту;
- әйелдердің еңбекпен қамтылуын арттыру болып табылады.

Институт қызметін тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп жергілікті атқарушы орган (білім басқармасы (бөлімі) (бұдан әрі - ЖАО) ұсынатын болады. Институт өз қызметін ЖАО жанында жүзеге асыратын болады, құрамына ЖАО заңгерлері, модераторлар, әдіскерлер, психологтар кіреді.

Институтта:

- оқу және жұмыс жағдайларымен танысу;



-жұмыс бағдарламасын дайындау және 1 айға дейінгі мерзімде қатысушыларды қысқа мерзімді оқыту курстарынан өткізу;

- сабақты өткізу орны мен базасын анықтау (бұл мектепке дейінгі ұйым болуы мүмкін);

- модератор педагогтарды тарту;

- қатысушыларды жұмысқа орналастыру жүзеге асырылатын болады.

Өз кезегінде ЖАО институт қызметін бақылауды жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізеді.

### **Қызметті алу шарттары:**

1. қатысушылар 18 жастан бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі, қылмыстық құқық бұзушылығы жоқ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті медициналық тексеруден өткен әйелдер болуы мүмкін;

2. жобаға қатысушылар оқу курсынан өтуі тиіс;

3. жобаға қатысушыларға мамандығы көрсетіліп, курстан өткені туралы сертификат беріледі;

4. 1 «әлеуметтік бала күтушіге» қызмет көрсетілетін 1-ден 5-ке дейін балалар келеді;

5. ЖАО әлеуетті қатысушыларды курстардан өтудің басталуы туралы хабардар етеді.

### **Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтуші) институты қызметін ұйымдастыру.**

Бұл қызметті көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан аналар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тәрбиеленетін отбасылар қолдана алады.

ЖАО жұмыспен қамту Орталығымен (ауылдық жерде – ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен) бірлесіп, «әлеуметтік бала күтуші» қызметін ұсынуға халықтың осал топтарынан келіп түскен өтініштер бойынша «жеке тұлға» мемлекеттік деректер қоры арқылы (ЖТ МДҚ) 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалары бар көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасылар мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуші отбасыларының санын нақтылайды.

Қызмет қажет отбасылар саны анықталғаннан кейін ЖАО (ауылдық жерлерде – ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен) жаңа жобаның басталғанын, жобаның мақсаттарын, шарттарын, қатысушыларды оқыту туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты хабардар етеді.

Институт қысқа мерзімді курстар аясында оқыту кестесіне сәйкес оқытуды жүзеге асыратын болады. Жоба қатысушылары курс қорытындысы бойынша оқу курсы аяқтағаны туралы сертификаттар алады.

Сондай-ақ Институт штатында «әлеуметтік бала күтуші» штаттық бірліктері орналастырылатын мектепке дейінгі ұйымдарды анықтайды, халықтың үй тәрбиешісі қызметін үйде алуға қажеттілігін ескере отырып, әлеуетті қызметкерлерді жұмыс жағдайларымен таныстырады.

Өз кезегінде мектепке дейінгі ұйым «әлеуметтік бала күтуші» қызметіне мұқтаж отбасыларымен шарт жасайды (1 қосымша).

Шарт жасалғаннан кейін мектепке дейінгі ұйым үй тәрбиешісін шартқа сәйкес осы қызметке қажеттілік туралы өтініш берген отбасына жібереді.

Үй тәрбиешілері («әлеуметтік бала күтуші») – бұл мамандық, оның міндетіне мектеп жасына дейінгі балаларды үйде, отбасында күніне 4 сағат бойы күту кіреді. Ол баланың тәлімгері болады: оның ақыл-ой, адамгершілік және дене дамуына ықпал етеді, әлеуметтік дағдыларды үйретеді. «Әлеуметтік бала күтуші» әр жастағы балалармен жұмыс істей білуі және балалар психологиясының ерекшеліктерін білуі тиіс.

Үйдегі тәрбиешілерінің функционалдық міндеттері:

- балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, үй тәрбиешісі балалармен болған уақытта күтім жасауды жүзеге асырады (киіндіреді, шешіндіреді, жуындырады, тамақтандырады, серуендейді және т. б.);

- балалар әрекетін басқару (ойын, қозғалыс, бейнелеу, еңбек, коммуникативтік, танымдық және т. б.);

- жеке гигиенаның қарапайым ережелерін сақтау.

«Әлеуметтік бала күтуші» тек баламен ғана емес, ата-аналармен, жалпы отбасымен жұмыс істей білуі, баланың жеке басын дамыту үшін барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

Бүгінгі күні қоғамда бала күтушіге деген көзқарас өзгереді. Ата-аналарды басқа қоғамдық пайдалы істе өзін көрсете алмаған маман күтуші ретінде қанағаттандырмайды. Баланы кез келген адам тәрбиелеуі мүмкін деп ешкім ойламайды. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын бала күтушісіне сұраныс өте жоғары, себебі әр түрлі жастағы балалармен (бір отбасында әр түрлі жастағы балалар болуы мүмкін) жұмыс істеу үшін қажетті дағдылар болуы керек.

Осылайша, «әлеуметтік бала күтушісі» міндетті түрде сертификатталуы тиіс.

## **ҮЙ ТӘРБИЕШІЛЕРІН (ӘЛЕУМЕТТІК БАЛА КҮТУШІ) ОҚЫТУ КУРСЫН ӨТКІЗУ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМА**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Қазақстан халқына Жолдауында: «Бүгін мен жаңа әлеуметтік саясат жасау міндетін қоямын. Мемлекеттің әлеуметтік саладағы рөлі әлсіз қорғалған азаматтарды қолдаумен және адам капиталына инвестицияларды қамтамасыз етумен шектелетін болуы тиіс. Атаулы әлеуметтік қолдау тек мұқтаж адамдарға, олардың нақты табыстары мен өмір сүру жағдайын бағамдау негізінде, көрсетілетін болады.» -деп атап өтті.

Елбасы қойған міндеттерді орындау үшін үй тәрбиешілерінің («әлеуметтік бала күтушісі») дайындығы жоғары болуы тиіс. Осыған байланысты институтта «әлеуметтік бала күтуші» бағдарламасы (1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды

үйде қарау және күту жөніндегі қызметкер) бойынша үй тәрбиешілерін («әлеуметтік бала күтуші») үйде даярлау курстарынан (бұдан әрі - Бағдарлама) өткізу қарастырылған.

Дайындық курсынан өту кез келген отбасында тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қажетті білім, білік, дағдыға үйретеді. Оқыту, жаңа білім беру ешқашан артық болмайды. Алынған білім тек ғана кәсіби деңгейді арттырып қана қоймай, күнделікті өмірде табысты қолдануды ұсынады.

Бағдарлама білім деңгейін айтарлықтай арттыруға, осы жұмыстың ерекшелігін жақсы білуге және жұмыс берушімен қарым-қатынасты дұрыс құруға мүмкіндік береді.

**Бағдарламаның мақсаты:** тыңдаушыларда мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеуде кәсіби қызметке қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

**Міндеттер:**

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу саласында тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру;

-1 жастан 6 жасқа дейінгі балалармен үйде жұмыс істеу үшін қажетті теориялық және тәжірибелік дағдыларды меңгеру.

**Курстардан өту үшін тыңдаушыға қойылатын талаптар**

Бағдарлама бойынша курстардан өтетіндердің орта немесе негізгі орта білім алғандығы туралы құжаты болуы тиіс.

**Оқыту бағдарламасы:**

- жалпы және жас ерекшелік психологиясының негіздерін;
- мектепке дейінгі педагогика негіздерін;
- мектеп жасына дейінгі балаларды күту бойынша қызмет мазмұны;
- 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды күту бойынша қызметті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін;
- әртүрлі жастағы балаларға алғашқы көмек көрсету тәсілдерін;
- күнделікті өмірде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балаларды қарау және күтуді қамтиды.

Оқу жоспарында мектепке дейінгі ұйымдағы оқу тәжірибесі (тағылымдама) қарастырылған, ол үй тәрбиешісінің («әлеуметтік бала күтуші») кәсіби ұстанымынан тәжірибелік тапсырмаларды орындауды көздейді.

Мүмкіндігінше оқу тәжірибесі (тағылымдама) отбасында да алдын ала келісім бойынша өтуі мүмкін.

**Оқу жұмысының түрлері:**

- дәрістер,
- тәжірибелік сабақтар,
- кеңес беру.

Курс бағдарламасына қосымша үй тәрбиешілерінің кандидатурасына («әлеуметтік бала күтуші») қойылатын негізгі талаптар (*сыртқы түрі, этикет, жұмыс берушімен қарым-қатынас, құпиялықты сақтау*), сондай-ақ

отбасындағы мінез-құлық мәдениеті, жанжал жағдайларындағы мінез-құлық ережелері, жаңа жұмыс орнына бейімделе білу енгізілген.

**Күнтізбелік кесте:**

Оқу мерзімі 4 апта.

Білім алу түрі: күндізгі.

**Күтілетін нәтижесі**

Тиісті оқу курсынан өткен тұлғаларға сертификаттар беріледі.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, үй тәрбиешілерінің ерекшеліктеріне қатысты келесі қорытынды жасауға болады. Үй тәрбиешілері («әлеуметтік бала күтуші»):

- тәрбие қызметіне байыпты қарау, мінсіз, жан-жақты тәрбиеші үлгісі болуы және баламен табысты қарым-қатынас жасау үшін қажетті көптеген сапалардың өзінде бар жеткілікті жоғары деңгейін белгілеп, оған сәйкес болуға ұмтылу;

- тәрбиеленушіні де, өзінді де тиімді, шынайы бағалауға ұмтылу;

- әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі тәлімгер және «жол көрсетуші» ретіндегі өз рөлін, бақылаушы іс-әрекеттерді жадында ұстап, олармен өзара іс-әрекет кезінде қолайлы атмосфераны қолдауға дайын болу, баланың жайы мен мінез-құлқына байланысты сезімталдық, эмоционалдық құзыреттіліктің жеткілікті жоғары деңгейін меңгеру;

Баланың эмоционалдық көңіл-күйінен басқа, онымен қарым-қатынас кезінде үй тәрбиешілерінің («әлеуметтік бала күтуші») ерекше назары оның бастапқы қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қоғамдағы және отбасы ішіндегі әлеуметтік мінез-құлыққа байланысты сыртқы міндеттемелердің орындалуын бақылауға бөлінеді. Үй тәрбиешілері («әлеуметтік бала күтуші») баламен қарым-қатынаста бірінші кезекте танымдық саланы дамытуға және қажеттіліктерін орындауға ерекше назар аударуы тиіс.

Жалпы, жоғарыда айтылғандарға байланысты мектеп жасына дейінгі баланың ересектермен қарым-қатынасын психологиялық сүйемелдеу тәжірибесі үшін де, әрі қарай ғылыми ізденістер үшін де маңызды да пайдалы заңдылықтарды анықтауға болады. Сол арқылы үй тәрбиешілерінің жеке тұлғасы («әлеуметтік бала күтуші») жеке қызығушылық танытады: мысалы, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен үй тәрбиешілерінің айырмашылықтары бар ма?

Осылайша, үй тәрбиешілерінің («әлеуметтік бала күтуші») қызметінің келешегі өте айқын, бұдан әрі нақты жүзеге асыру өзекті болып қала береді.

Үй тәрбиешілері («әлеуметтік бала күтуші») қызметін көрсету туралы  
№ \_\_\_\_\_ ШАРТ

Нұр-Сұлтан қ. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ (мектепке дейінгі ұйымның атауы)

атынан меңгерушісі

\_\_\_\_\_ (қызметкердің Т.А.Ә.)

бір жағынан, бұдан әрі «Қызметті ұсынушы»  
және

\_\_\_\_\_ (азаматтың толық Т.А.Ә.)

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ туған жылы, жеке куәлік № \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ берілген

\_\_\_\_\_ (қашан және қай орган)

екінші жағынан бұдан әрі «Қызметті алушы» (бұдан әрі – «Тараптар») арасында төмендегілер туралы осы Шарт жасалды:

## 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Қызметті ұсынушы Қызметті алушының жазбаша өтініші негізінде Үйде үй тәрбиешісі («әлеуметтік бала күтуші») (бұдан әрі – Қызмет) қызметін көрсетуге міндетті.

## 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Қызметті алушы жасалған Шартқа сәйкес көлемде және шарттар негізінде Қызмет алу құқығына ие.

2.2. Қызметті алушының құқықтары мен міндеттері:

### **Қызметті алушы:**

- әлеуметтік қызметкер тарапынан сыпайы және ізгі қатынас жасауға;
- тиісті сапада және Шартта белгіленген мерзімде көрсетілетін қызметтер алуға;
- қызмет көрсету мерзімі, тәртібі және шарттары туралы Шартқа сәйкес өз құқықтары мен міндеттері, әлеуметтік қызмет түрлері туралы қолжетімді нысанда тегін ақпарат алуға;
- жазбаша өтініш беру арқылы Қызметтерді алудан бас тартуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде сот тәртібінде өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- мектепке дейінгі ұйымның мамандары жеке деректерді пайдалану кезінде өзінің жеке деректерін, Қызмет көрсету кезінде қызметкерге белгілі болған жеке сипаттағы ақпараттың құпиялығын қорғауға;
- Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;
- Қызмет көрсету кезінде үй тәрбиешісінің лауазымдық міндеттерін орындауда орын алған заң бұзушылықтар туралы мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне хабарлауға;
- Шарттың бұзылуын талап етуге құқылы.

### **Қызметті алушы:**

- бұрын көрсетілген қызметтерден бас тартуға;
- үй тәрбиешісінен үшінші тұлғаларға: көршілердің, туыстардың балаларына және т.б. қызмет көрсетуін талап етуге;

- алкогольдік және (немесе) есірткілік мас күйінде Қызмет көрсетуді, сондай-ақ үй тәрбиешісінің қызмет көрсету міндеттерінің шеңберіне енбейтін және оның адами қадір-қасиетін қорлайтын жұмыстарды орындауын талап етуге құқылы емес.

**Қызметті алушы:**

- үй тәрбиешісі мен мектепке дейінгі ұйым қызметкеріне құрметпен қарауға, дөрекілік көрсетпеуге, балағаттамауға;
- Қызмет көрсету бойынша жұмыс кестесіне сәйкес жоспарлы келу күндері үйде болуға;
- келу үшін белгіленген уақытта немесе әлеуметтік қызмет көрсету сапасын көшпелі тексеру шеңберінде тұрғын үй-жайға әлеуметтік күтушінің және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
- әлеуметтік бала күтушілердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;
- қызмет көрсету бойынша үй тәрбиешісінің лауазымдық міндеттерді орындауына қажетті ақпарат (мәліметтер, құжаттар) ұсынуға, заңмен белгіленген нысанда өзінің жеке деректерін өңдеуге келісім беруге;
- Шарттың өзгеруіне (бұзылуына) әкелетін жағдайлардың туындауы (өзгеруі) туралы мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігін жазбаша хабардар етуге;
- қызметті алудан бас тарту туралы мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне жазбаша түрде хабарлауға;
- осы Шартты сақтауға;
- Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген басқа талаптарды орындауға міндетті.

**2.3 Қызметті ұсынушының құқықтары мен міндеттері:**

**Қызметті ұсынушы:**

- осы Шартта көзделген құқықтық өкілеттіктер кешенін жүзеге асыруға;
- Қызметті алушы осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда қызмет көрсетуден бас тартуға;
- Қызметті алушының, Қызметті ұсынушының, әлеуметтік бала күтушінің жеке өтінішімен, қызметті алушының бірнеше рет жасаған негізді шағымымен Қызметті ұсынушы үй тәрбиешісін ауыстыруға құқылы.

**Қызметті ұсынушы:**

- Қызметті алушыға осы Шарттың аясында белгіленген мерзімде сапалы қызмет көрсетуге;
- Қызметті алушының жұмыс тәртібін бұзбастан қызметтің қолжетімділігі мен сапасын сақтауға міндетті.\

**3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

3.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

3.2. Қызметті ұсынушы қызмет көрсетуден негізсіз бас тартқан жағдайда Қызметті алушы заңмен белгіленген тәртіпте өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуге немесе біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

3.3. Қызметті ұсынушының кінәсінен жіберілген сапасыз қызмет көрсету фактісі анықталған жағдайда Қызметті ұсынушы мен алушының арасында туындаған шағымдар мен даулар тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешіледі.

**4. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ НЕМЕСЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Осы Шарттың талаптарын өзгертуге, бұзуға немесе оның әрекеттерін тоқтатуға:

- а) Қызмет көрсетуден бас тарту туралы Қызметті алушының (немесе оның өкілінің) жеке өтініші;
- б) Қызметті алушының және (немесе) оның отбасы мүшелерінің үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге сәйкес қарсы көрсетілімдерінің анықталуы;
- в) Шарттың қолданылу мерзімінің өтуі;
- г) Қызметті алушының тұрақты тұратын жерінің өзгеруі;
- д) әлеуметтік қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың анықталуы н егіз болып табылады.

**5. ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ**

5. Осы Шарттың мәні бойынша туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар келісімге келмеген жағдайда дау соттың қарауына беріледі.

**6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

- 6.1. Осы Шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.  
6.2 Қызметті алушы әлеуметтік бала күтушінің журналына қызмет көрсету туралы жазбалар енгізген, баланы (балаларды) қабылдау актіне және баланы (балаларды) тапсыру актіне Тараптар қол қойған сәттен бастап Шарт орындалған болып саналады.  
6.3 Шарттың қолданылу мерзімі Тараптардың өз міндеттерін орындаған сәтінен бастап аяқталады.

#### **7. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР**

- 7.1. Қызметті ұсынушы басшысының қолы факсимильді таңба түрінде орындалуы мүмкін.  
Қызметті ұсынушы басшысы қолының түпнұсқасы мен оның факсимильді таңбасы бірдей заң күшіне ие.  
7.2. Шарт бірдей заңды күші бар 2 данада жасалды, бір дана Қызметті алушыда, екіншісі Қызметті ұсынушыда болады.

#### **8. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ**

Қызметті ұсынушы

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

(Қызметті ұсынушының реквизиттері)

Қызметті алушы:

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

(Қызметті алушының Т.А.Ә., паспорт деректері, мекенжайы, байланыс телефоны)

№ \_\_\_\_\_  
 Үй тәрбиешісі («әлеуметтік күтуші») қызметін көрсету туралы шартқа  
 2 қосымша

**«Әлеуметтік бала күтуші» қызметін көрсету бойынша жұмыс кестесі**

Апта күні	Сағат саны	«Әлеуметтік бала күтуші» ұсынатын қызмет көлемі (қызмет мазмұны)	Қызметті алушыда болу кезеңі (уақыт бөлігі)
Дүйсенбі	4	Серуен, баланы қарау, ойын әрекеті	8-00 -ден 12-00-ге дейін
Сейсенбі			
Сәрсенбі			
Бейсенбі			
Жұма			
<b>БАРЛЫҒЫ</b> сағат саны			

Қызметті ұсынушы:

\_\_\_\_\_ (Қызметті ұсынушының атауы)

\_\_\_\_\_ (Қызметті ұсынушы басшысының Т.А.Ә., қолы)

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл

Қызметті алушы:

\_\_\_\_\_ (Қызметті алушы Т.А.Ә., қолы)

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл

№ \_\_\_\_\_  
 Үй тәрбиешісі («әлеуметтік бала күтуші») қызметін көрсету туралы шартқа  
 3 қосымша

**Әлеуметтік бала күтушінің  
 ЖУРНАЛЫ**

Қызметті

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

алушының

Әлеуметтік

қызметкердің

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

(Қызметті ұсынушының лауазымы, атауы)

Қызметті алушыда болуы күні мен уақыты	Үй тәрбиешісінің («әлеуметтік бала күтуші») қызмет көрсету көлемі	Қызметті алушының қолы	Қызметкердің қолы	Ескерту



## Пайдаланылган әдебиет тізімі

1. Минжанов Н.А., Ертысбаева Г.Н. Педагогические аспекты в подготовке социальных работников в казахстане // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 4-5. – С. 983-986;
2. Платонова Н. М. Инновации в социальной работе : учеб. пособие / Н. М. Платонова, М. Ю. Платонов. — 2-е изд., стер. — М. Академия, 2012. — 256 с.
3. Галаганов В. П. Организация работы органов социального обеспечения в Российской Федерации : учебник / В. П. Галаганов. — 3-е изд., испр. и доп. — М. : КноРус, 2015. — 152 с.
4. Социальное обслуживание населения: ценности, теория, практика : учеб. пособие / под ред. Л. В. Топчего. — М. : Изд-во Рос. гос. соц. ун-та, 2011. — 320 с.
5. Особенности поведенческих стратегий учащейся молодежи в области сохранения здоровья / И. С. Карпикова, У. В. Трохинова, О. Ю. Оношко, Т. Г. Журавлева // Известия Иркутской государственной экономической академии. — 2015. — Т. 25, № 2. — С. 371-378. — DOI : 10.17150/1993-3541.2015.25(2).371-387.
6. Модернизация социальной сферы муниципальных образований Сибирского региона как основы повышения качества жизни населения / В. И. Самаруха, А. В. Самаруха, Т. В. Сорокина [и др.]. - Иркутск : Изд-во БГУЭП, 2013. — 270 с.
7. Метелева Е. Р. Определение ключевых терминов в социальной сфере / Е. Р. Метелева // Известия Иркутской государственной экономической академии. — 2016. — Т. 26, № 1. — С. 90-98. — DOI : 10.17150/1993-3541.2016.26(1).90-98.
8. Технологии социальной работы в различных сферах жизнедеятельности / под ред. П. Д. Павленка. — М. : Инфра-М, 2009. — 596 с.
9. Трохинова У. В. Профессионализм специалистов социальной работы: сущность, критерии, способы оценки : учеб. пособие / У. В. Трохинова, Е. В. Зимина. — Иркутск : Изд-во БГУЭП, 2013. — 116 с.
10. Карпикова И. С. Показатели функционирования системы социальной защиты в аспекте оценки качества жизни населения / И. С. Карпикова // Известия Иркутской государственной экономической академии. — 2011. — № 3 (77). — С. 175-178.
11. Качество жизни населения крупного сибирского города: оценка современного состояния и возможные пути его повышения (по результатам социологических исследований в городе Иркутске) / под науч. ред. Н. Н. Даниленко, И. С. Карпиковой. — Иркутск : Изд-во БГУЭП, 2014. — 236 с.

12. Теоретико-методические аспекты исследования качества жизни населения / под ред. Н. М. Токарской, Л. В. Саниной. — Иркутск : Изд-во БГУЭП, 2013. — 180 с.
13. Карпова Т. Ю. Совершенствование управление развитием муниципального образования [Электронный ресурс] : монография / Т. Ю. Карпова. — Режим доступа : <http://www.rae.ru/monographs/93-3169>.
14. Теория социальной работы / Под ред. Е.И.Холостовой. – М.: Юристъ, 1998, с. 325.
15. Психология труда: учебник / Под ред. А.В. Карпова. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003, с. 55.
16. Цит. по: Калашников С.В. Становление социального государства в России. – М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2003, с. 19.
17. Осадчая Г.И. Социология социальной сферы. – М.: Изд-во МГСУ «Союз», 2000.
18. Салжаницын А.И. Современные проблемы развития материальной базы отраслей социальной сферы России. – М.: Изд-во ООО «ПрофВариант», 2002, с. 21.
19. Пантелеева Т.С., Червякова Г.А. Экономические основы социальной работы. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001, с. 32-33.
20. Раздел подготовлен по материалам: Социальная работа: теория и практика: учеб пособие / Отв. ред. Е.И. Холостова, А.С. Сорвина. – М.: ИНФРА-М, 2003.
21. Словарь по социальной педагогике: учеб пособ. для студентов вузов / Авт-составитель Л.В. Мардахаев. – М.: Изд. центр «Академия», 2002, с. 308.
22. Социальная работа: теория и практика: учеб пособ / Отв. ред. Е.И. Холостова, А.С. Сорвина. – М.: ИНФРА-М, 2003, с.14-15.
23. Социальная работа: Введение в профессиональную деятельность: учеб. пособ / Отв. ред. А.А. Козлов. – М.: Логос, 2004.
24. Словарь по социальной педагогике: учеб пособ. для студентов вузов / Авт-составитель Л.В. Мардахаев. – М.: Изд. центр «Академия», 2002, с.300.
25. Долгов В.М., Демидов А.И., Вилков А.А. и др. Политология / Под ред В.М. Долгова. – Саратов: Изд-во Саратовского ун-та, 2002, с.404.
26. Соколов С.В. Социальная философия. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003, с.101.
27. Савинов А.И. Организация работы органов социального обеспечения. – М.: ФОРУМ: ИНФРА-М, 2003, с.92.
28. Козлов А.А. Социальная работа за рубежом: состояние, тенденции, перспективы: Сб. науч. очерков. – М.: Флинта: Московский психолого-социальный институт, 1998, с.135.

## МАЗМҰНЫ

Түсіндірме жазба.....	3
Үй тәрбиешілері институтын енгізудің әлеуметтік маңыздылығын негіздеу («әлеуметтік бала күтуші»).....	4
Халықаралық тәжірибе.....	5
Үй тәрбиешілері институтын (әлеуметтік бала күтуші) енгізу бойынша талаптар, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың штаттық кестесіне енгізу.....	8
Үй тәрбиешілерін (әлеуметтік бала күтуші) оқыту курсының өткізу бойынша бағдарлама.....	10
Қорытынды.....	12